

Ленин туғи

ҚК(Б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ҚК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 165
(6866)
1944 жыл
Жексенбі
20 август
Жеке саны
20 тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының бұйрығы Кеңестер Одағының Маршалы КОНЕВКЕ

1-УКРАИН майданының әскерлері САНДОМИР ауданында ВИСЛА өзенінен өтіп, қатты ұрыстар нәтижесінде, 60 километр алға басты, сөйтіп ВИСЛАНЫҢ батыс жағалауында алынған табан тірейтін шепті майдан бойына 120 километрге дейін кеңейтіп, бүгін 18 августа ВИСЛАНЫҢ солжақ жағалауындағы немістердің қорғану шебінің маңызды тіректі бекінісі—САНДОМИР қаласын тіке шабуылмен алды.

ВИСЛА өзенінен өту және САНДОМИР табан тірейтін шебін алу ұрыстарында генерал-лейтенант ПУХОВТЫҢ, генерал-лейтенант ЖАДОВТЫҢ, генерал-полковник ГОРДОВТЫҢ, генерал-майор ЧЕРОКМАНОВТЫҢ, генерал-майор ОНУПРИЕНКОНЫҢ, генерал-майор РОДИМЦЕВТЫҢ, генерал-майор МАКОВЧУКТЫҢ, генерал-лейтенант ЛЕБЕДЕНКОНЫҢ, генерал-майор ПУЗЫКОВТЫҢ, генерал-майор ЗАХАРОВТЫҢ, генерал-майор ВЕХИНЫҢ, полковник БЕЛЯЕВТЫҢ, генерал-майор ПАНКРАТОВТЫҢ, генерал-майор КРАСНОВТЫҢ, полковник МУРАТОВТЫҢ, генерал-майор ГЛАДКОВТЫҢ, подполковник МАДЕТЯНИН, полковник САМСОНОВТЫҢ, полковник КОЛОБОВТЫҢ, генерал-майор ТРОФИМОВТЫҢ, генерал-майор БАКЛАНОВТЫҢ, генерал-майор ОЛЕЙНИКОВТЫҢ, генерал-майор МОТОВТЫҢ, полковник СКРЫГАНОВТЫҢ, генерал-майор ПИЧУГИНЫҢ, генерал-майор СУХАНОВТЫҢ, полковник РУСАКОВТЫҢ, генерал-майор АНЦИФЕРОВТЫҢ, әскерлері; артиллерия генерал-полковнигі ВАРЕНЦОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры ЯРОВОЙДЫҢ, артиллерия генерал-майоры ПОЛОСУХИНЫҢ, артиллерия генерал-майоры КУБЕЕВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры ДЗЕВУЛЬСКИЙДЫҢ, артиллерия генерал-майоры ПОЛУЭКТОВТЫҢ, полковник ХУСИДТИҢ, подполковник ЦЕСАРЬДИҢ, подполковник ПЕТРУНЫҢ, полковник БАСОВТЫҢ, полковник ДОБРЯНСКИЙДИҢ, полковник ЧЕВОЛДИҢ, подполковник КОРОВИНЫҢ, полковник РУКОСУЕВТЫҢ, полковник СУССКИЙДИҢ, полковник ФРАНЧЕНКОНЫҢ зеңбірекшілері; танк әскерлерінің генерал-полковнигі НОВИКОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ГЕТМАННЫҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты СУХОВТЫҢ, генерал-майор ДРЕМОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры НОВИКОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры МИТРОФАНОВТЫҢ танкшілері; авиация генерал-полковнигі КРАСОВСКИЙДИҢ, авиация генерал-лейтенанты РЯЗАНОВТЫҢ, авиация генерал-майоры АГАЛЬЦОВТЫҢ, авиация генерал-майоры БАРАНЧУКТИҢ, подполковник ФЕТИСОВТЫҢ, авиация генерал-лейтенанты ЗЛАТОВЦЕВОВТЫҢ, полковник ОСАДЧЕЙДИҢ, полковник КУРОЧКИНЫҢ, авиация генерал-майоры УТИННЫҢ, полковник ПОКРЫШКИНЫҢ, полковник МАЧИННЫҢ, полковник ГЕЙБОНЫҢ, полковник ЮЗЕВТИҢ ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-лейтенанты ГАЛИЦКИЙДИҢ, полковник ВОЛОДИННЫҢ, полковник СОКОЛОВТЫҢ, полковник ГОРДЮКОВТЫҢ, полковник САЛАХОВТЫҢ, полковник ВОДОЛЫННЫҢ саперлері мен байланыс әскерлерінің генерал-лейтенанты БУЛИЧЕВТИҢ, генерал-майор АХРЕМЕНКОНЫҢ, полковник БОГОМОЛОВТЫҢ, подполковник КОСТИННИҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңіс хұрметіне, ВИСЛА өзенінен өту және САНДОМИР табан тірейтін шебін алу ұрыстарында өте-өте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер «САНДОМИР» және «ВИСЛА» атағын беруге және ордендер мен наградауға ұсынылсын.

Бүгін, 18 августа, 23 сағатта, Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып ВИСЛА өзенінен өтіп және САНДОМИР табан тірейтін шебін алған 1-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан ХҰРМЕТ КӨРСЕТЕДІ.

ВИСЛАДАН өтіп және САНДОМИРДІ азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздің басқаруыңыздағы әскерлерге ұрыс қиймылдарын өте жақсы жүргізгендігі үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншылар құртылсын!
ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫ
КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МАРШАЛЫ И. СТАЛИН.
1944 жылғы 18 август.

СТАЛИНДІК АВИАЦИЯ КҮНІ

Кеңес халқы былай Сталиндік авиация күнін Қызыл Армия тамаша жеңістерге жеткен кезде мерекелеп отыр.

Неміс-фашист басқыншыларға қарсы күрестің 38 айы ішінде кеңес авиациясы өзін өшпес даңққа бөледі. Бүкіл әлем алдында оның даңқы арта түсті. Кеңес авиациясы жер бетіндегі әскерлеріміздің шабуылына ойдағыдай көмектесіп, оның жедел алға басуын қамтамасыз етті. Дұшпанның ту сыртына, қатынас жолдарына, шоғырланған әскерлеріне, темір жол тораптарына қатты соққылар берді. Сол сыяқты, авиациямыз Қырымды алуға, Днепр, Десна, Батыс Буг, Прут су шептерінен өтуде және Украина мен Белорусияны, Балтық жағалауындағы республикаларды зұлым жаудан азат етуде тамаша шеберлік көрсетті.

Кеңес авиациясы әсіресе 1944 жылы өсіп шығайды. Совет үкметі мен партиямыз авиация жөнінде зор қамқорлық жасап, оның ұшқыштарын ерлікке, жауды мейрімсіз соққылауға тәрбиеледі.

Авиациямыз сурапыл соғыс кезінде нелер ауыр сынынан өтті. Неміс авиациясы соғыстың бас кезіндегі басымдылығын пайдаланып, авиациямызды мүлде жоймақ болды.

Алайда, Сталиндік авиация дұшпанның қуатты авиациясының әуелгі кездердегі соққысына төтеп беріп, ұрыс үстінде өзінің тәжірибесін молайтты, кадрлерін өсірді, сөйтіп шын мәнінде қуатты авиация болды.

Сталиндік сұңқарлар, Ұлы Отан соғысы майдандарында жаудың әуе қаракшыларын жоюда, Неміс-фашист басқыншыларға қарсы күрес майдандарында командованиенің тапсырмаларын үлгілі орындап, мұнымен

бірге батырлық және ерлік көрсеткені үшін мыңдаған ұшқыштарымыз ордендермен және медальдармен наградталды. Жүздеген ұшқыштар Кеңестер Одағының Бағыры атағына ие болды. Кеңестер Одағының Бағырлары—сұңқарлар — Гастеллоны, қазақ хағқының даңқты ұлы Нүркен Әбдірәзгі, Барашевті, Покрышкінді, Китаевті, Сафоновты бүкіл кеңес халқы мақтан етеді.

Ұлы қолбасшымыз Сталин жолдас кеңес авиациясына зор баға беріп, ол жөнінде отан соғысының бас кезінде-ақ былай деді: «Біздің авиация сапасы жағынан неміс авиациясынан артық, ал біздің даңқты ұшқыштарымыз ержүрек жауынгерлер даңқын алды».

Өнер табушыларымыз да самолеттердің конструкциясын оңдап, жетілдіре беруде тамаша табыстарға ие болды. Штурмашы «Ильюшин—2» самолетіне дүние жүзі армиясында тең келетін самолет жоқ. Сол сыяқты соңғы шыққан истребитель самолетіміз де шапшаңдығы, қаруының саны мен қуаттылығы жағынан жаудың қай самолетінен болсын артық болып отыр.

Кеңес халқы неміс басқыншыларды тез талқандау үшін авиациямызға аянбай көмектесуде. Майданға үсті-үстіне бара жатқан самолеттер тобы халқымыздың өз авиациясына көрсеткен көмегінің кепілі.

Кеңес авиациясы алдымыздағы ауыр ұрыста да оған алдындағы боғының аброймен өтеп, кемелер қол басшымыз Кеңестер Одағының Маршалы Сталин жолдасын бұйрығын мүлтіксіз орындайды.

Кеңес сұңқарларының мерейі үстем болсын!

нында ВИСЛА өзенінен өтіп, қатты ұрыстар нәтижесінде 50 километр алға басты, сөйтіп ВИСЛАНЫҢ батыс жағалауында алынған табан тірейтін шепті майдан бойына 120 километрге дейін кеңейтіп, бүгін, 18 августа ВИСЛАНЫҢ солжақ жағалауындағы немістердің қорғану шебінің маңызды тіректі бекінісі—САНДОМИР қаласын тіке шабуылмен алды.

Кеңес Хабаршы бюросынан 18 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

18 августа ТАРТУ қаласының оңтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз 80нен аса елді жерді, оның ішінде ТАММИСТУ, РАЗИНА, АХЬЯ, ВАЛГЕМЕТСА, КРОТУЗЕ, КАРСТЕ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды. Әскерлеріміз ЧУД және Псков көлдері арасындағы қуылыстан өтіп, қуылыстың батыс жағалауында табан тірейтін шеп алды да Псков көлінің батыс жағалауын жағалай шабуыл жасап бара жатқан бөлімдерімізге қосылды, сөйтіп ЛАНЕ, ПЬЕПЕРА, МЕХИКОРМА, ХАВАМЕТСА, РИХТЕМЕТСА, АРАВУ, КЮКА, МЕКСИ, СИКАКУРМУ, КАСМЕКОДА қыстақтарын алды.

КРУСТПИЛС қаласының солтүстік жағында (Батыс Двина бойында) әскерлеріміз 30дан аса елді жерді, оның ішінде РУЛИ, КЛАУЦАНЫ, ТРУЛЭС, РАМИ, МАРЦИЭНА, РУБЕНИ, АРОНЫЗШИ қыстақтары мен ЦЕСВАЙНЭ, МАРЦИЭНА темір жол станцияларын ұрыспен алды.

ШАУЛЯЙ (ШАВЛИ) қаласының батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның шабуылға шыққан жау әскерлері мен танктерінің ірі күштеріне қарсы қатты ұрыстар жүргізді. Дұшпан адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшырай отырып, қорғану шебімізге аздап сыналап өтті.

ПРАГАНЫҢ шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жау әскерлері мен танктерінің атакаларын ойдағыдай тойтарып, бекініс шебін алды да өздері қарсы атакаға шықты.

1-УКРАИН майданының әскерлері 18 августа ВИСЛА өзенінің сол жақ жағалауындағы немістердің қорғану шебінің маңызды тіректі бекінісі—САНДОМИР қаласын тіке шабуылмен алды, және табан тірейтін шебін ұлғайту үшін ұрыстар жүргізе отырып, МИЛЧАНОВ, ЛЕНАРЧИЦЕ, ГЛАЗУВ, КЛЕЦАНУВ, ДОБРНИЦЕ, ПШЕЗВОДЫ, ЛУКАВА, КИХАРЫ, ДВИКОЗЫ, МСЫЦОВ, ШИТИНКИ, СЛУПЧА, ВИНЯРЫ, ГАРБУВ, РОМАНУВКА, НОВА, СОБУТКА-ШЛЯХЕЦКА, ЯНОВИЦЕ, ДОПАТА, САДЛОВИЦЕ ПЕЛЯШУВ, КОСЦЕЛЬНЕ қыстақтары мен ДВИЗОКЫ, ГУРЫ ВЫСОКИ темір жол станцияларын алды. САНДОМИР қаласының солтүстік жағында әскерлеріміз дұшпанның қатарында үш дивизия бар әскер тобын қоршауды аяқтап, оны жою үшін ойдағыдай ұрыс жүргізуде.

Майданның басқа учаскелерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

17 августа әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 295 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зеңит зеңбіректерімен дұшпанның 98 самолеті атып түсірілді.

Тарту қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын ойдағыдай жүргізуде болды. Н. құрамасының бөлімдері 10—15 километр ұрыспен алға басты. Әскерлеріміз Ахья жолдар торабын және Тарту (Юрьев) қаласынан 25 километр жердегі немістердің қорғану шебінің күшті тіректі бекінісі—Балгеметаны тіке шабуылмен алды. Жаудың 1000нан аса солдаты мен офицері, өздігінен жүретін 3 зеңбірегі мен 6 дала зеңбірегі, 10 минометі мен 20 пулеметі жойылды. Дұшпаннан 25 зеңбірек, 8 миномет, 127 пулемет, 400 винтовка мен автомат, инженерлік мүлік және азық-түлік қойылған 2 склад қолға түсірілді. Түнде әскерлеріміз Псков және Чуд көлдерінің аралығындағы қуылыстан өтті. Катерлердегі зеңбіректерімізден жаудырылған оқты бүркемелене отырып, кеңес десантшылары жағаға түсті де дұшпанның жағалауындағы қорғану алаңына қауырт атака жасап, оны бұзып өтті. Бөлімдеріміз немістердің қатты қарсылығын жеңе отырып, қуылыстың батыс жағалауында табан тірейтін шепті алды да Псков көлінің жағалауымен солтүстікке қарай шабуыл жасап бара жатқан әскерлерімізге қосылды.

Шауляй (Шавли) қаласының батыс жағында дұшпан бүгін таңертең тағы да шабуылға шықты. Бір жерде жаудың танктері мен жау әскерлері атакалары нәтижесіз болғандықтан кейін қорғану шебімізге аздап сыналап өтті. Түс кезінде кеңестің моторлы бөлімдері қарсы атака бастады. Жауынгерлеріміз жауға өкпе тұсынан соққы берді де оның жау әскерлерін танктерінен бөліп тастады. Танктерінен жәрдем болмаған неміс жау әскерлері тозында кері шегінді. Кеңес зеңбірекшілері мен танкшілері немістердің 43 танкін жойды. Жаудың басқа танктері жөнкіле зытты. Бұл учаскеде жағдайымызды қалпына келтірдік. Екінші бір учаскеде дұшпанның танктері мен жау әскерлерінің ірі күштері бекіністерімізге үздіксіз атака жасауда. Немістер жүздеген және одан да көп танктері мен өздігінен жүретін зеңбіректерін бір мезгілде ұрысқа шығаруда. Кескілескен ұрыстар болып жатыр. Әскерлеріміз мылтықтардың барлық түрлерінен жауға оқ жаудырып және қарсы атакаға шығып немістерді адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшыратуда. Дұшпан орасан көп шығынға ұшырай отырып, қорғану шебімізге аздап өтті. Толық емес мәлімет бойынша, немістердің 74 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі, 24 дала зеңбірегі мен бронетранспортері, 8 бронемашинасы және жанармай қуылған автоцистернасы қыйратылды, жойылды.

Штурмашы авиациямыз дұшпанның әскерлеріне үздіксіз соққы беріп, немістердің бірнеше танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегін, жүздеген автомашинасын жойды, оқ-дәрі қойылған үлкен складтарын талқандады және жаудың бірнеше жау әскер колоннасын тозғындатты.

1-Украин майданының әскерлері бүгін немістердің Висла өзені бойындағы қорғану шебінің қуатты тіректі бекінісі—Сандомир қаласын тіке шабуылмен алды. Дұшпан қалада мықты бекінігін болатын. Немістер төс үйлерді, үйдің шатырлары мен подвалдарын қорғану үшін пайдаланды. Кеңес бөлімдері Сандомир қаласына екі жақтан басып кіріп, жаудың гарнизонның құмды жерге қарай қыспаққа алды, сөйтіп тоқтаусыз алға басты. Түні бойы кескілескен көше ұрыстары болды. Әскерлеріміз зеңбіректеріміздің көмегімен гитлершілерді қарсыласу бекінісінен қуып шығарып, оны қырды. Кеңес әскерлері бүгін таңертеңге дейін Висла өзенінің солжақ жағалауындағы немістердің қорғану шебінің маңызды тіректі бекінісі—Сандомир қаласын жаудан толық тазартты. Н. құрамасының бөлімдері солтүстік-шығыс батысқа қарай батыл алға басты. Сол кезде екінші бір құраманың бөлімдері Виняры, Слупча қыстақтары төңірегінде Висла өзенінен өтті және немістердің қатты қарсылығын жеңе отырып, батысқа қарай алға басты. Бүгін кеңес бөлімдері түрлі бағыттан шабуыл жасап, немістердің үш дивизиясын қоршауға ала отырып, бір-біріне қосылды. Жаудың қоршауда қалған әскер тобын жою үшін ойдағыдай ұрыстар болып жатыр. Толық емес мәлімет бойынша, екі батальоннан аса гитлершілер, жаудың 10 танкі, өздігінен жүретін 4 зеңбірегі мен 35 дала зеңбірегі жойылды.

Кеңестің гвардия капитаны Константиновтың басқаруындағы сегіз истребитель әуеде немістердің 20 истребителимен кездесті. Кеңес ұшқыштары дұшпанға атака жасап, әуе ұрыстарында немістердің 4 самолетін атып түсірді. Жау ешбір жеңіске жетісе алмады. Гвардия капитаны Константиновтың жеке истребитель топтары немістердің 8 истребителине қарсы ұрысқа кіріп, жаудың екі самолетін атып түсірді. Бұл күні гвардия капитаны Константинов дұшпанның 3 самолетін атып түсірді.

Кеңес-герман майданында неміс әскерлерінің талқандалуы фашистік басшылар тобы абыржытып отыр. Гитлершілер немістердің ахикат жағдайын және Гитлердің жағдайының қиыныға айналғандығын жағыру үшін жан таласуда. Берлиндегі суайттар фашистік германияның күші әлі сарқылған жоқ, дегенді айтып, бұл жөнде немістерге дәлелдеу үшін нелер қыйыныссыз өтірікті ойлап шығаруда.

(Жалғасы 2-бетте).

НЕҢЕС ХАБАРШЫ БЮРОСЫНАН

(Соңы. Басы 1-бетте).

15 августа Берлин радиосы генерал-лейтенант Дитмардың соғыс шолуын берді. Дитмар, кеңес-герман майданындағы жағдайға тоқтала келіп, мынаны мәлімдеді: неміс әскерлерінің орталық тобының талқандалуына әкеліп соққан жағдайдан, «бір-ақ қортынды туғызуға болады, ол — дұшпан күшінің басымдылығы».

Будан біраз бұрын, 13 августа «Ангифф» газетінде Гитлердің басты қолшоқпарларының бірі Лейдің мақаласы жарияланған болатын. Бұл мақалада Дитмардың шолуы ояқты, кеңес-герман майданында неміс әскерлерінің талқандалу себептері жөніндегі мәселелерге арналған. Лей былай деп жазады: «Кеңес әскерлері Витебскіде Минскі арқылы шығыс Пруссияға қарай лек-легімен ағылып жатқанда біздің тынысымыз тарылды. Шынымен-ақ орыстардың күші сан жағынан ғана емес, қабілеті және моральдік сапа жағынан да осыншама басым болды ма — деген сұрақ еріксіз туады. Неміс әскерлерінің Сталинградтан Вильно мен Варшаваға дейінгі бүкіл майданда жеңіліске ұшырауы Герман азғындарының кінәсінен екендігі бізге енді мәлім болды». Лей кеңес әскерлерінің адам күші мен техникасы жағынан басымдылығы жөніндегі әңгімелердің барлығын топастық және жеңілуді мойынға алу деп атады.

Сонымен, генерал-лейтенант «Орыстар орталық неміс майданын бұзып өтті, сондықтан олардың күші басым болып отыр» деп дәлелдейді. Ал Лей «Олай емес. Кімде кім орыстардың күшінің басымдылығы жөнінде айтса, ол топас және жеңілуді мойынға алушы. Мұның бәрін неміс генералдары кінәлі» деп байбалам салады. Фашистердің оуайттар, хорындағы әр түрлі дауыс Гитлердің басқарушы тобындағы үрейленушілікті ыпаттайды.

Олар бір-бірін қолдау үшін әр қайсысы әр түрлі өтірік айтуы гитлершілдердің тынысы тарылғандығын көрсетеді. Гитлершілдер суайт сөзді судай сапыру үшін қанша тырыссада аясында тұрған апаттан құтыла алмас.

Мал қыстатуға әзірлік күшейтілсін

ВГОЛЮБОВО. (Өз тілшімізден). Приозер ауданының Киров атындағы ауыл шаруашылық артелинің мал өсірушілері мал өсірудің мемлекеттік жоспарын орындауда әжептәуір табыстарға ие болды. Қазір колхоздың фермасында (ферма меңгерушісі Әбілханов жолдас) 251 қара мал, 211 қой-ешкі, 60 жылқы, 25 шошқа және 120 га жуық тауық бар.

Мал өсірушілер қыс қамына да үлгілі әзірленуде. Мал тұратын 8 қораның 4 сақалы түрде жөндеді және мал тұратын орындарға оттық жасалды. Мұнымен бірге мал қоралары жанына 4000 центнерден аса пішен тасылып, үйілді.

Осы ауданның «Мереке» ауыл шаруашылық артелинде істің жәйі бұдан мүлде өзгеше. Бұл колхозда мал өсірудің мемлекеттік жоспары бірде-бір түліктен орындалмады. Тек қой өсіру жоспарын толық орындау үшін әлі 136 қой керек.

Колхозда мал өсіру жоспарының орындалмауына тікелей колхоз басшыларының өздері кінәлі. Өйткені, колхоз басшылары өткен жылы қоғамдық малды қыс маусымына жетерліктей қунарлы мал азығымен қамтамасыз етпеді, мал қораларын тыңғылықтап жөндемеді. Осының салдарынан қыс маусымында мал шығыны үлкен етек алды. Амаз қанша, бұдан, колхоз басшылары (председателі Бейсенбаев жолдас) быйыл да сабақ ала алмай отыр. Демек, мал қораларын қысқа әзірлеу бұл колхозда ұмыт болған істің бірі. Ал шабылған пішеннің мал қоралары жанына небары 400 центнері ғана тасылды. Қазір мал қораларына пішен тасу жұмысы мүлде тоқтаған.

Осы сияқты «Жекекөл» және «Талапкер» ауыл шаруашылық артельдерінде де колхоздың қоғамдық малын қыс маусымына жылы қора, қунарлы азықпен қамтамасыз ету мәселесі ойдағыдай емес. Бұл колхоздардың басшылары малды қыста ұқыпсыз және жылы қорасыз қалдырғанына тікелей өздері жауапты екендіктерін естерінен шығарған көрінеді.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

ЕГІНДІ ДЕР КЕЗІНДЕ, ЫСЫРАПСЫЗ ЖЫЙНАП АЛУ — БҮКІЛ ХАЛЫҚТЫҢ ЖҰМЫС

Колхоз басшыларының жайбарақаттығы

СОКОЛОВКА. (Өз тілшімізден). Батыр Қызыл Армияның Отан соғысы майдандарындағы тамаша жеңістері және Кеңестер Одағының Маршалы Жоғарғы Бас қолбасшы Сталин жолдасының «Жеңіс» орденімен наградталуы хұрметіне, Соколов ауданының алдыңғы қатарлы колхоздарының мүшелері еңбекте үлгі көрсетуде. Ворошилов атындағы ауыл шаруашылық артелинің колхозшылары А. Попов және В. Белов жолдасар қара бидай оруды жұмыс мөлшерін күн сайын асыра орындап жүр. А. Попов жолдас 4 гектар орнына 6—6,5 гектар, Белов жолдас 5—5,5 гектар егін орады. Бұл екеуі бес күнде 40 гектар орнына 70 гектардай егін орады.

«Красный Восток» ауыл шаруашылық артелинің мүшелері КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «Егін жыйнау және 1944 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау туралы» қаулысын талқылағанда қара бидайды тез, ысырапсыз жыйнап алуға және мемлекет алдындағы бірінші парызды үлгілі өтеуге уәде берген еді. Олар уәделерін аброймен орындауда. 180 гектар қара бидай ысырапсыз жыйналды. Алғашқы соғылған егіннен 690 пұт астық мемлекетке тапсырылды.

Қара бидай оруды комбайншы Сединкин жолдас аябай жұмыс істеді. Ол «Сталинец» комбайнымен күн сайын 15—18 гектар егін орып отырды. Лобогрейкашы А. Замановская және К. Брушквич жолдасар да стахановша жұмыс істеулері арқасында, маңдай алды колхозшылардың қатарына қосылды.

«Красный партизан» колхозының мүшесі Шелкунов, Зорина, Маркова, Галаева және Клеменова жолдасар қара бидай оруды алғашқы күндерінен қолшалғымен егін орып, жұмыс мөлшерін артығымен орындай бастады. «Егін жыйнау және ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау туралы» Одақтық Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысын талқылағаннан кейін М. Шелкунова жолдасының зверо мүшелері күніне 0,60 гектар егін орып отырды. Колхозшылардың жұмысқа осындай ынталана қатысуы нәтижесінде, колхоз қара бидай жыйнау және мемлекетке астық тапсыру ісін ойдағыдай жүргізіп отыр.

«Қазақстан» және «Трудовик» ауыл шаруашылық артельдерінің мүшелері де егінді дер кезінде, ысырапсыз жыйнап алуға бар күштерін жұмсауда.

МАЙДАНДАҒЫША

Отан соғысы майданында жаралағаннан кейін Дмитрий Степанов туған колхозына қайтып оралды. Өзінің туған-туысқандарымен әңгімелескенде ол былай деді: «Мен сіздердің сенімдеріңізді ақтадым, жауға өлтіре соққы бердім, қандай ғана болмасын қыймылшылық менің отанға деген сүйіспеншілігімді сөндіре алмады, қажымалдым. Енді қолыма қару алып майданға жаумен аяқасуға мүмкіншілігім жоқ. Енді өзімнің қарулас достарыма еңбек майданындағы қажырлы еңбегіммен көмектесемін».

Майданшылардың дәстүрі мынау: айтқан екенсің орында! Майданнан келген

3 КҮНДЕ 119 ГЕКТАР

Сартомар машина-трактор станциясының (Совет ауданы) комбайншысы Елещенко жолдас екі «Сталинец» комбайнын тіркеп 3 күнде 119 гектар егін орады. Бұл мерзім ішінде ол майдан үшін 31 килограмм жанар май үнемдеді.

Совет астық совхозы комбайншыларының

КОМБАЙНШЫЛАРДЫҢ ТАБЫСЫ

Булаев МТСның тайдаулы комбайншылары егін жыйнауда тамаша табыстарға жетуде. Олар егін жыйнаудың алғашқы күндерінен бастап, жұмысты неғұрлым өнімді істеу және жанар май үнемдеу үшін социалистік жарысқа ұштасты.

Комбайнмен егін жыйнаудың шебері орденді Екатерина Алешина «Страна Советов» ауыл шаруашылық артелинде егін жыйнап жүр. 5 күн ішінде ол өзінің «Сталинец» комбайнымен 91 гектар қара бидай орады және едәуір жанар майын үнемдеді.

Одақтық Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің және КК(б)П Орталық Комитеті XI пленумының «Егін жыйнау және 1944 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау туралы» қаулысын талқылаған, бұл қаулының маңызын колхозшыларға жете түсіндіре алмаған, колхозшылардың еңбегін дұрыс ұйымдастырмаған, егін жыйнау мен ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау жұмыстарын даурықпалы думанға айналдырған колхоздарда істің жәйі бұдан өзгеше. Мұндайлардың бірі Юрова жолдас председател болып істейтін «2 пятилетка» колхозы. Бұл колхозда 28 жұмыс күнінде 247 гектар қара бидайдың 114 гектары ғана орылды. Бұлай болу себебі-колхозда еңбек тәртібі бәсеңдеген. Жұмыс таңертеңгі сағат 10-да басталып, кешкі 7—8-де тоқталады. Сондықтан да егіншілер жұмыс мөлшерін орындамайды. Лобогрейкашы Семенов жолдас күніне 4 гектар егін орау орнына, 3 гектардан аз-ақ артық орып жүр. Қолшалғышылардың да өндірістік көрсеткіші төмен.

Егін бригадасының бригадирі Залевский және колхоз председателі Юрова жолдасар егін жыйнауды тез өткізіп, мемлекетке астық тапсыруды жеделдетуді ойламайды да, олар әрбір колхозшының жұмыс мөлшерін сөзсіз орындауын қадағалап бақылап отырмайды, колхозшыларға қатты талап қоймайды. Дала бригадасының есепшісі Дображанская жолдас жұмыс басына 2—3 күнде бір-ақ барады. Колхозшылардың жұмысымен еңбек күндерін толық есепке алмайды.

«8 съезд Советов» ауыл шаруашылық артелинде мемлекетке астық тапсыру қарқыны өте баяу. Мөлшер бойынша бұл колхоз тәулігіне мемлекетке 70 центнер астық тапсыруға тиіс болса, осы күнге дейін тапсырылған астық 17 центнер ғана. Ал колхоздың қырмандағы соғылған бірнеше жүз деген центнер астық бар.

Мемлекетке астық тапсыру қарқыны баяу болуын колхоз председателі Коркин жолдас: «көлік және адам жетіспей жатыр», — деп түсіндіреді. Ал шын мәнісінде колхозда көлік те, адам күші де жеткіліксіз.

«2 пятилетка», және «8 съезд Советов» ауыл шаруашылық артельдерінің басшылары бұл сияқты мемлекетке жат қылықтан қашан арылар екен? Еліміз бем майданға ауыл шаруашылық өнімдерін мол беру үшін істі тыңғылықты ұйымдастыру керек екендігін оларға түсіндіріп жату қажет пе?

алғашқы күннен бастап Степанов жолдас Мамлют ауданының Сталин атындағы ауыл шаруашылық артелинде аябай жұмыс істеп жүр. Жарасының әбден жазылып бітпегеніне қарамастан, мөлшер бойынша 4 гектар орнына 5 гектар егін орады.

Көршілес «Память Кирова» ауыл шаруашылық артелинде отан соғысының мүгедегі Орлов жолдас та еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде. Ол күн сайын 5 гектардан егін орып, басқа колхозшыларға үлгі көрсетуде.

Ә. МҰХАМЕДРАХИМОВА.

Одақтастардың Европадағы әскерлерінің Жоғарғы командованиясі штабының хабары

ЛОНДОН, 18 август. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының бүгін жарияланған хабарында былай делінген:

Шығысқа қарай шабуыл жасап бара жатқан Одақтастар әскері ДРЕНІ, ШАРТРДЫ, ШАТОДЕН мен ОРЛЕАНДЫ азат етті. ШАРТРДЫҢ шығысында әскерлеріміз Оне өзенінен өтіп, Дре ауданының Әрге кіре беріс бекіністі алды, сол сияқты Сен—Кале мен Отонды азат етті.

Нормандияда қоршауда қалған дұшпан Ранның солтүстігінде қатты қарсылық көрсетуде.

17 августа таңертең Фалез дұшпаннан тартылды.

Бретаньда Сен-Мало қамалы құлады. Әскерлеріміз алған Динарда Герман команданты мен оның штабы қолға түеті.

Одақтастар авиациясы жаудың соғыс орындарына бір сыпра қатты соққы берді.

ЛОНДОН, 18 август. (ТАСС). АФИ агенттігінің хабары бойынша, Францияның Орта теңіз жағалауындағы ұрыстарға контр-адмирал ЛЕМОНИЕ бастаруындағы Франция соғыс-теңіз Флотының едәуір күші қатынасты. Олардың ішінде «ЛОРРЭН» линкоры, алты ауыр және үш жеңіл крейсер бар. Бұл кемелерге көптеген көмекші кемелер көмектеседі.

Соғыс қыймылдарының Орта теңіз майданындағы одақтастар әскері штабының хабары

ЛОНДОН, 18 август. (ТАСС). Соғыс қыймылдарының Орта теңіз майданындағы Одақтастар әскері штабының хабарында былай делінген:

Францияның оңтүстік теңіз жағалауындағы флоты ұрыстарды бөгетсіз жүргізіп жатыр. Тың күштер, соғыс материалдары жеткізілуде.

Одақтастар әскерлерінің алдыңғы бөлімдері ТУЛОННАН 10 мильден аз жерде тұр. Орта секторда одақтастар әскерлері елдің түңкіріне қарай әскер түсірілген жерден 25 мильге дейін ілгеріледі. Одақтастар әскерлерінің шығыны көп емес. Толық емес мәлімет бойынша қолға жаудан түскендердің саны 7 мың адамға жетті. Герман генералы, штабымен қолға түсірілді.

Италияда, Тибрдің жоғарғы шені алқабында, өзеннің шығыс және батыс жағалауларында одақтастар әскерлері өз позицияларын жақсартты. Майданның басқа өң бойында Италиядағы 5—8-армиялар соғыс қыймылдарын тек күзет әскерлерінің белсенділігін күшейтумен тындырды. Айтарлықтай өзгеріс жоқ.

Ауыр бомбардировщиктердің құрамалары, истребительдердің жәрдемімен кеше ПЛО-ШТИ ауданындағы мұнай жұмыстайтын илдіріс орындары мен дұшпанның НИШЕ-ЦЕГІ (Югославия) аэродромдарына шабуыл жасады. Одақтастардың тактикалық операциясы оңтүстік Франциядағы жер бетіндегі әскерлерге жәрдемдесе отырып, Солтүстік Италия мен Югославиядағы жаудың орындарына шабуыл жасады.

Жауапты редактордың орынбасары

К. ӘЛІМБАЕВ.

«Октябрь» кино театрында

21 августан бастап

«Сол түстіктегі жұлдыз» деген көркем суретті фильм көрсетіледі.

Келесі программа:

«Күн сәулелі алқаптың күні»

Сеанстар кешкі сағат 4-6-8-10 басталады.

Қасса күндізгі сағат 3тен ашық.

Петропавл нан комбинатына құрылыс жұмысшыларына үй сылаушы, ағаш шеберлері, жұмысшылар және шофер керек.

Солтүстік Қазақстан облыстық тоғай басқармасына түпкілікті жұмысқа бухгалтердің орын басарлары, жабдықтау жөніндегі бухгалтер керек. Еңбек ақы жалпы ереже бойынша төленеді. Жұмысқа қабылданғандар отынмен және пәтер-үймен қамтамасыз етіледі.

Әдресі: Коммунист көшесі 64-үй.

Петропавл қалалық соғыс комиссариатына бухгалтер-кассир керек. Еңбек ақы жалпы ереже бойынша төленеді.

Солтүстік Қазақстан облыстық ден саулық сақтау бөліміне бухгалтер-кассир, секретарь, ағаш, үй күтуші керек.

Әдресі: Базарбай көшесі 100-үй.